

щей среды на территории области;

3) осуществляет эвакуацию пострадавших.

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан» Министерства юстиции Республики Казахстан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ**

**АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ЯДРОЛЫҚ ЖӘНЕ РАДИАЦИЯЛЫҚ АВАРИЯЛАРҒА
ДЕН ҚОЮДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖОСПАРЫ**

**НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЛАН РЕАГИРОВАНИЯ НА
ЯДЕРНЫЕ И РАДИАЦИОННЫЕ АВАРИИ**

ния последствий ядерной и радиационной аварии и/или загрязнений за пределами контролируемой зоны.

17. Уполномоченный орган, осуществляющий государственную политику в сфере обороны:

1) по согласованию с уполномоченным органом, осуществляющим реализацию государственной политики в области транспорта, координацию и регулирование деятельности транспортного комплекса Республики Казахстан, обеспечивает безопасный коридор воздушным судам с оборудованием, персоналом и лицами по реагированию на ядерную и радиационную аварию;

2) по запросу уполномоченного органа в сфере гражданской защиты и местных исполнительных органов областей предоставляет в распоряжение руководителя ликвидации последствий ядерной и радиационной аварии части и подразделения Вооруженных сил Республики Казахстан в соответствии с законодательством в области обороны.

18. Уполномоченный орган в области реализации пограничной политики и обеспечения пограничной безопасности Республики Казахстан (по согласованию) по запросу уполномоченного органа в сфере гражданской защиты обеспечивает пропуск на территорию Республики Казахстан зарубежных сил и средств, прибывающих для участия в ликвидации последствий ядерной и радиационной аварии.

19. Уполномоченный орган в сфере таможенного дела, при необходимости, обеспечивает таможенное декларирование товаров, необходимых для ликвидации последствий чрезвычайных ситуаций техногенного характера, доставляемых в зону ядерной и радиационной аварии.

20. Уполномоченный орган в сфере внешнеполитической деятельности оформляет соответствующие визы иностранному персоналу, по необходимости прибывающему в Республику Казахстан с целью оказания помощи в ликвидации последствий ядерной и радиационной аварии.

21. Местный исполнительный орган при ликвидации последствий ядерной и радиационной аварии:

1) привлекает территориальные подразделения центральных государственных органов, службы и формирования гражданской защиты, а также службы скорой медицинской помощи на все время реагирования для оказания помощи населению, персоналу и лицам, задействованным в ликвидации последствий аварии;

2) осуществляет координацию деятельности по ликвидации последствий загрязнений в зоне аварии, а также оздоровлению окружаю-

ды обитания населения, производственной и окружающей среды, проводит отбор проб от источников водоснабжения, почвы и продуктов питания за пределами контролируемой зоны;

3) обеспечивает контроль за оказанием помощи населению, подвергшемуся облучению.

14. Уполномоченный орган в области промышленной безопасности:

1) организует и проводит расследование аварий совместно с заинтересованными государственными органами в пределах своей компетенции;

2) ведет учет специального оборудования, предназначенного для ликвидации последствий ядерной и радиационной аварии;

3) привлекает имеющиеся в их ведении подведомственные воензированные службы и формирования для проведения спасательных, аварийно-восстановительных и неотложных работ в зонах ядерной и радиационной аварии.

15. Уполномоченный орган, осуществляющий реализацию государственной политики в области транспорта, координацию и регулирование деятельности транспортного комплекса Республики Казахстан:

1) координирует все действия, связанные с обеспечением транспорта, необходимого для ликвидации последствий ядерной и радиационной аварии;

2) в порядке, установленном законодательством в сфере гражданской защиты, привлекает транспортные средства, находящиеся в частной собственности;

3) обеспечивает транспортировку персонала и оборудования, материалов и технических ресурсов, необходимых для ликвидации последствий ядерной и радиационной аварии, проведения эвакуационных мероприятий;

4) обеспечивает готовность к приему прибывающих морским, наземным и воздушным путем международных сил и средств, привлекаемых к реагированию и ликвидации последствий ядерной и радиационной аварии.

16. Уполномоченный орган в области охраны окружающей среды:

1) осуществляет государственный радиационный мониторинг (в том числе, оперативный космический мониторинг) объектов окружающей среды с момента возникновения ядерной и радиационной аварии до полной ликвидации ее последствий;

2) проводит отбор проб объектов окружающей среды для анализа в целях определения характера, источника и территории распростране-

Ядролық және радиациялық аварияларға ден қоюдың ұлттық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 тамыздағы № 467 қаулысы

«Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 12 қаңтардағы Заңы 5-бабының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ядролық және радиациялық аварияларға ден қоюдың ұлттық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 19 тамыздағы
№ 467 қаулысымен
бекітілген

Ядролық және радиациялық аварияларға ден қоюдың ұлттық жоспары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ядролық және радиациялық аварияларға ден қоюдың ұлттық жоспары (бұдан әрі – Жоспар) «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 12 қаңтардағы Заңы (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Жоспар Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарына, атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

3. Осы Жоспарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) төтенше жағдайлар (техногендік сипаттағы) – қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен, көлік авариялары мен басқа да авариялардан, өрттерден (жарылыстардан), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттар жайылатын (жайылу қатері бар) авариялардан, ғимараттар мен құрылыстардың кенеттен құлауынан, бөгеттердің бұзылуынан, тіршілікті қамтамасыз ететін электр энергетикасы және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту

құрылыстарындағы авариялардан болған төтенше жағдайлар;

2) азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі — Қазақстан Республикасының халқын, объектілері мен аумағын ядролық және радиациялық авариялар кезінде туындайтын қауіптерден қорғау жөніндегі жалпы мемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған, азаматтық қорғаудың басқару органдарының, күштері мен құралдарының жиынтығы;

3) алаң аумағы — шекара периметрінің шегіндегі кәсіпорынға, қоршауға немесе басқа көрсеткішке іргелес аумақ. Бұл сонымен қатар иондандырушы сәулелену көзінің маңындағы бақыланатын аумақ немесе радионуклидтермен ластанған аумақ болуы мүмкін;

4) ядролық немесе радиациялық аварияның әсер ету факторы — ядролық немесе радиациялық авария нәтижесінде ядролық материалдар мен радиоактивті заттардың шығарындылары, сондай-ақ алаң аумағының радиоактивті ластануы кезіндегі иондаушы сәуле.

Жоспарда қолданылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану туралы заңнамасы саласында пайдаланылатын ұғымдарға сәйкес келеді.

2. Ядролық немесе радиациялық аварияларға ден қою тәртібі

4. Ядролық және радиациялық аварияларға ден қоюдың ұлттық жоспары:

1) ядролық немесе радиациялық аварияның әсер ету факторлары авариялық ядролық, радиациялық немесе электрофизикалық қондырғы орналасқан алаңның шегінен тысқары шыққан немесе олардың шығу қатері болған жағдайда;

2) әсері немесе әсер ету қатері Қазақстан Республикасының аумағына таралатын, басқа мемлекеттің аумағында орын алған трансшекаралық ядролық немесе радиациялық авариялар кезінде атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органның шешімімен қолданысқа енгізіледі.

5. Пайдаланушы ұйымдар аварияларға қарсы іс-шаралар жоспарларын Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес әзірлейді және бекітеді. Аварияларға қарсы іс-шаралар жоспарларында оқыс оқиғалар кезінде және авариялар мен олардың салдарын жою кезінде персоналға, тұрғындарға және қоршаған ортаға ықтимал әсерді барынша азайту жөніндегі іс-қимыл тәртібі мен іс-шаралар көзделеді. Алаң аумағындағы ядролық және радиациялық авария жағдайында пайдаланушы ұйым аварияларға қарсы іс-шаралар жоспарына сәйкес пайда болған аварияны жоюға де-

10. Возмещение вреда (ущерб), причиненного физическим и юридическим лицам, окружающей среде вследствие ядерной или радиационной аварии осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан и международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан.

3. Права и обязанности центральных и местных исполнительных органов Республики Казахстан при ядерной или радиационной аварии

11. Уполномоченный орган в сфере гражданской защиты:

1) руководит силами гражданской защиты при организации и проведении мероприятий, направленных на ликвидацию последствий ядерной и радиационной аварии;

2) выделяет и использует материальные средства оперативного резерва;

3) обеспечивает информирование и оповещение населения, органов управления гражданской защиты;

4) осуществляет проведение аварийно-спасательных и неотложных работ;

5) при ликвидации чрезвычайных ситуаций мобилизует материально-технические ресурсы организаций в соответствии с законодательством Республики Казахстан в сфере гражданской защиты;

6) вносит предложения в Правительство Республики Казахстан об использовании имеющихся в составе государственного и мобилизационного резервов запасов материально-технических, продовольственных, медицинских и других ресурсов, использовании средств из резерва Правительства Республики Казахстан для предупреждения, ликвидации чрезвычайных ситуаций и их последствий.

12. Уполномоченный орган в области использования атомной энергии:

1) осуществляет оперативный прогноз за гидрометеорологическими условиями в районе ядерной и радиационной аварии;

2) дает рекомендации по обеспечению радиационной безопасности персонала, лиц, занимающихся ликвидацией последствий ядерной и радиационной аварии, и населения.

13. Уполномоченный орган в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения:

1) определяет регламентацию особых режимов нахождения населения в зонах радиоактивного загрязнения;

2) проводит замеры за уровнями радиоактивного загрязнения сре-

персонал, население и окружающую среду.

В случае ядерной и радиационной аварии на территории площадки, эксплуатирующая организация немедленно приступает к ликвидации возникшей аварии согласно плану противоаварийных мероприятий. Эксплуатирующая организация использует имеющееся оборудование для реагирования и ликвидации последствий ядерной и радиационной аварии.

Реагирование на ядерные и радиационные аварии на территории площадки, не представляющие угрозы выхода факторов воздействия за территорию площадки, осуществляется эксплуатирующей органиб. При ядерной и радиационной аварии местного, регионального или глобального масштаба реагирование и ликвидация последствий ядерной и радиационной аварии осуществляются силами и средствами гражданской защиты.

Организация, деятельность, руководство и органы управления силами и средствами гражданской защиты определяются законодательством Республики Казахстан в сфере гражданской защиты.

7. Представителями уполномоченных органов в области использования атомной энергии и в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения вносятся начальнику оперативного штаба рекомендации по части радиационной безопасности лиц, участвующих в ликвидации последствий ядерной и радиационной аварии, и вопрос о допустимости применения методов ликвидации последствий аварии.

8. Действия по реагированию, затрагивающие трансграничные аспекты воздействия ядерной или радиационной аварии, согласовываются с уполномоченным органом по внешнеполитической деятельности и осуществляются в соответствии с международными медико-санитарными правилами и международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан.

9. При ядерной и радиационной аварии населению предоставляется беспрепятственный доступ к информации о риске возникновения опасных факторов чрезвычайных ситуаций, которым оно может подвергаться, мерах необходимой безопасности, а также в случае возникновения чрезвычайной ситуации, обеспечивается защита жизни, здоровья и личного имущества граждан.

При необходимости население принимает участие в мероприятиях по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций и их последствий в пределах, установленных законодательством о гражданской защите, а также использует необходимые средства коллективной и индивидуальной защиты.

реу кіріседі. Пайдаланушы ұйым ядролық және радиациялық авария салдарына ден қою және оны жою үшін қолда бар жабдықты пайдаланады. Әсер ету факторларының алаң аумағынан тысқары шығу қатері жоқ ядролық және радиациялық аварияларға ден қоюды пайдаланушы ұйым жүзеге асырады.

6. Жергілікті ауқымдағы, өңірлік немесе жаһандық ауқымдағы ядролық және радиациялық авария кезінде ядролық және радиациялық авария салдарына ден қоюды және оны жоюды азаматтық қорғау күштері мен құралдары жүзеге асырады. Азаматтық қорғау күштері мен құралдарын ұйымдастыру, оның іс-әрекеттері, басшылығы және басқару органдары Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасымен анықталады.

7. Ядролық немесе радиациялық авария салдарын жою кезінде, атом энергиясын пайдалану және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы салаларындағы уәкілетті органдардың өкілдері, ядролық және радиациялық аварияның салдарларын жоюға қатысатын адамдардың радиациялық қауіпсіздігіне қатысты ұсыныстар мен аварияның салдарын жою әдістерін қолдануға жол беру туралы мәселелерді жедел штаб бастығына енгізеді.

8. Ядролық және радиациялық аварияның трансшекаралық әсер ету аспектілерін қозғайтын ден қою жөніндегі іс-қимыл сыртқы саясат қызметі жөніндегі уәкілетті органмен келісіледі және халықаралық медициналық-санитарлық қағидаларға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ядролық және радиациялық авариялар кезінде халыққа ұшырауы мүмкін төтенше жағдайлардың қауіпті факторларының туындау қатері және қажетті қауіпсіздік шаралары туралы ақпаратқа кедергісіз қолжетімділік ұсынылады, сонымен қатар, төтенше жағдайлар туындаған жағдайда өмірін, денсаулығын және жеке мүлкін қорғау қамтамасыз етіледі. Қажет болған жағдайда тұрғындар төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шараларға азаматтық қорғау туралы заңнамада белгіленген шекте қатысады, сонымен қатар, қажетті ұжымдық және жеке қорғану құралдарын пайдаланады.

10. Ядролық немесе радиациялық авария салдарынан жеке және заңды тұлғаларға, қоршаған ортаға келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы

органдарының ядролық немесе радиациялық авария кезіндегі құқықтары мен міндеттері

11. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) азаматтық қорғау іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу кезінде азаматтық қорғау күштеріне басшылық етеді;

2) жедел резервтің материалдық құралдарын бөледі және пайдаланады;

3) халыққа, азаматтық қорғаудың басқару органдарына жедел хабар беруді және оларды құлақтандыруды қамтамасыз етеді;

4) авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуді жүзеге асырады;

5) төтенше жағдайларды жою кезінде Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдырады;

б) Қазақстан Республикасының Үкіметіне төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу, жою үшін мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінің құрамындағы қолда бар материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстардың запастарын пайдалану туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінетін қаражатты пайдалану туралы ұсыныстар енгізеді.

12. Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган:

1) ядролық және радиациялық авария ауданында гидрометеорологиялық жағдайларға жедел болжамды жүзеге асырады;

2) ядролық және радиациялық авария салдарларын жоюға қатысатын персоналдың, адамдардың және халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар береді.

13. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган:

1) радиоактивті ластану аймақтарында халықтың болуының ерекше режимін регламенттеуді анықтайды;

2) бақыланатын аумақтан тысқары орналасқан халықтың мекендеу ортасының, өндірістік және қоршаған ортаның радиоактивті ластану деңгейлеріне өлшеу жүргізеді, сумен жабдықтау көздерінен, топырақтан және азық-түліктен сынама алуды жүзеге асырады;

3) сәулеленуге ұшыраған адамдарға көмек көрсетілуін бақылауды қамтамасыз етеді.

14. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган:

1) өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, аварияларды тергеп-тексеруді ұйымдастырады және

ющих ядовитых, радиоактивных и биологически опасных веществ, внезапным обрушением зданий и сооружений, прорывами плотин, авариями на электроэнергетических и коммуникационных системах жизнеобеспечения, очистных сооружениях;

2) государственная система гражданской защиты – совокупность органов управления, сил и средств гражданской защиты, предназначенных для реализации общегосударственного комплекса мероприятий по защите населения, объектов и территории Республики Казахстан от опасностей, возникающих вследствие ядерной или радиационной аварии;

3) территория площадки – территория, прилегающая к предприятию в пределах периметра границы, ограждению либо другому указателю. Это может быть также контролируемая территория вокруг источника ионизирующего излучения или загрязненная радионуклидами территория;

4) фактор воздействия ядерной или радиационной аварии – ионизирующее излучение при выбросе ядерных материалов и радиоактивных веществ, а также радиоактивном загрязнении территории площадки в результате ядерной и радиационной аварии.

Иные понятия, применяемые в Плате, соответствуют понятиям, используемым в законодательстве Республики Казахстан об использовании атомной энергии.

2. Порядок реагирования на ядерные и радиационные аварии

4. Национальный план реагирования на ядерные и радиационные аварии вводится в действие по решению уполномоченного органа в области использования атомной энергии:

1) в случае выхода или угрозы выхода факторов воздействия ядерной или радиационной аварии за пределы территории площадки размещения аварийной ядерной, радиационной или электрофизической установки;

2) при трансграничных ядерных или радиационных авариях, произошедших на территории другого государства, воздействие или угроза воздействия которых распространяется на территорию Республики Казахстан.

5. Эксплуатирующие организации разрабатывают и утверждают планы противоаварийных мероприятий в соответствии с законодательством Республики Казахстан в области использования атомной энергии. В планах противоаварийных мероприятий предусматриваются порядок действий и мероприятия при инцидентах и ликвидации аварий и их последствий по минимизации возможного воздействия на

Об утверждении Национального плана реагирования на ядерные и радиационные аварии

Постановление Правительства Республики Казахстан от 19 августа 2016 года № 467

В соответствии с подпунктом 7) статьи 5 Закона Республики Казахстан от 12 января 2016 года «Об использовании атомной энергии» Правительство Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемый Национальный план реагирования на ядерные и радиационные аварии.
2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней со дня его первого официального опубликования.

Премьер-Министр
Республики Казахстан

К. Масимов

Утвержден
постановлением Правительства
Республики Казахстан
от 19 августа 2016 года № 467

Национальный план реагирования на ядерные и радиационные аварии

1. Общие положения

1. Настоящий Национальный план реагирования на ядерные и радиационные аварии (далее – План) разработан в соответствии с подпунктом 7) статьи 5 Закона Республики Казахстан от 12 января 2016 года «Об использовании атомной энергии».

2. Настоящий План распространяется на центральные и местные исполнительные органы Республики Казахстан, физические и юридические лица, осуществляющие деятельность в области использования атомной энергии.

3. В настоящем Плате используются следующие понятия:

1) чрезвычайная ситуация (техногенного характера) – чрезвычайная ситуация, вызванная вредным воздействием опасных производственных факторов, транспортными и другими авариями, пожарами (взрывами), авариями с выбросами (угрозой выброса) сильнодейству-

жүргізеді;

2) ядролық және радиациялық авария салдарларын жоюға арналған арнайы жабдықтың есебін жүргізеді;

3)өзінің қарамағындағы ведомстволық бағынысты әскерилендірілген қызметтерді және ядролық және радиациялық авария аймақтарында құтқару, аварияны қалпына келтіру және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу үшін құралымдарды тартады.

15.Қазақстан Республикасының көлік саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыруды, көлік кешенінің қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган:

1) ядролық және радиациялық аварияның салдарын жою үшін қажет көлікті қамтамасыз етуге байланысты барлық іс-қимылды үйлестіреді;

2) азаматтық қорғау саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен жеке меншіктегі көлік құралдарын тартады;

3)ядролық және радиациялық аварияның салдарын жою, эвакуациялық іс-шараларды өткізу үшін қажет персоналды және жабдықтарды, материалдар мен техникалық ресурстарды тасымалдауды қамтамасыз етеді;

4) ядролық және радиациялық авария салдарына ден қоюға және оны жоюға тартылатын теңіз, жерүсті және әуе жолдарымен келетін халықаралық күштер мен құралдарды қабылдауға дайындықты қамтамасыз етеді.

16. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) ядролық және радиациялық авария туындаған сәттен бастап оның зардаптары (қаржыландыру және адамдардың материалдық базасын тарту есебінен) толық жойылғанға дейін қоршаған орта объектілеріне мемлекеттік, радиациялық мониторингті (оның ішінде жедел ғарыштық мониторингті) жүзеге асырады;

2) бақыланатын аймақтан тысқары жерде ластану және (немесе) ядролық және радиациялық авария салдарларының сипатын, көзін және таралу аумағын анықтау мақсатында талдау жүргізу үшін қоршаған орта объектілеріне іріктеу сынағын алуды жүргізеді.

17. Қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының көлік саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыруды, көлік кешенінің қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімімен ядролық және радиациялық аварияға ден қою персоналы, адамдары және жабдығы бар әуе кемелеріне қауіпсіз дәлізді қамтамасыз етеді;

2) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың жергілікті атқарушы органдарының сұратуы бойынша қорғаныс саласындағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бөлімдері мен бөлімшелерін ядролық және радиациялық авария салдарын жою басшысының билігіне береді.

18. Мемлекеттік шекараны қорғауды және күзетуді жүзеге асыратын уәкілетті орган (келісім бойынша) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның сұратуы бойынша ядролық және радиациялық аварияның зардаптарын жоюға қатысу үшін келетін шетелдік күштер мен құралдарды Қазақстан Республикасының аумағына өткізуді қамтамасыз етеді.

19. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган қажет болған жағдайда ядролық және радиациялық авария аймағына жеткізілетін техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою үшін қажетті тауарларды кедендік декларациялауды қамтамасыз етеді.

20. Сыртқы саясат қызметі саласындағы уәкілетті орган ядролық және радиациялық аварияның салдарын жоюға көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасына келетін шетелдік персоналға тиісті визалар рәсімдейді.

21. Жергілікті атқарушы орган ядролық және радиациялық авария салдарларын жою кезінде:

1) орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін, азаматтық қорғау қызметтерін және құралымдарын, сондай-ақ халыққа және аварияның салдарын жоюға қатысатын персонал мен адамдарға көмек көрсету үшін ден қоюдың барлық уақытында жедел медициналық көмек қызметін тартуды;

2) авария аумағындағы ластану салдарына ден қою жөніндегі, сонымен қатар облыс аумағындағы қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асырады;

3) зардап шеккендерді эвакуациялауды жүзеге асырады.

Национальный план реагирования на ядерные и радиационные аварии